

**2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша
бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін
кірме жолды ұсыну қызметі бойынша «Qarmet» АҚ Қарағанды жүк тиеу-көлік
басқармасының қызметі туралы есеп**

Есептің мақсаты, «Qarmet» АҚ Қарағанды жүк тиеу-көлік басқармасы (бұдан әрі - ҚЖТКБ) қызметінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы ашықтығын қамтамасыз ету.

1. Кәсіпорынның жалпы сипаттамасы.

ҚЖТКБ жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну қызметінің түрі бойынша Қарағанды облысы бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне (24.01.2005 жылғы №16-НҚ бұйрығымен енгізілген) енгізілген.

ҚЖТКБ «Qarmet» АҚ-ның мамандандырылған құрылымдық бөлімшесі болып табылады, заңды тұлға болып табылмайды және ішкі шаруашылық есеп айырысу негізінде әрекет етеді, аяқталмаған балансы, дөңгелек мөрі, фирмалық бланкі бар.

ҚЖТКБ - бұл Қарағанды облысы мен көмір өндіру саласының дамуына зор үлесі бар, тарихы мол кәсіпорын. Біздің кәсіпорын «Karaganda Komir» ЖШС барлық бөлімшелеріне және Қарағанды қаласы мен серіктес қалаларының бөгде ұйымдарына шикізат, материалдар мен жабдықтарды жеткізуді жүзеге асырады. 8 көмір шахтасына, 2 БФ, ЖЭО-1, ШЖЭО және 150-ден астам шағын және орта бизнес объектілеріне қызмет көрсетеді.

ҚЖТКБ өндірістік қызметінің негізгі міндеттері келесілер:

- «Karaganda Komir» ЖШС бөлімшелеріне және бөгде ұйымдарға темір жол тасымалдары және жүк операциялары бойынша қызмет көрсету;

- жүктерді тиеу және түсіру бойынша бекітілген жоспарларға сәйкес пойыздардың үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында темір жолдар мен бағыттамалық бұрмаларды, электр орталықтандыру және байланыс құрылғыларын тиісті жағдайда күтіп ұстау;

- ҚЖТКБ вагондары мен локомотивтерін, арнайы жылжымалы құрамын техникалық жарамды күйде күтіп ұстау.

ҚЖТКБ кірме жолында вагондарды беру және жинау шарты бойынша ҚЖТКБ және Қарағанды жол филиалының ҚТЖ-ЖТ ЖШС станцияларында вагондарды қою, қарау және рәсімдеу тәртібі айқындалған.

ҚЖТКБ құрамына 4 негізгі қызмет және бірнеше қосымша бөлімшелер кіреді:

- пайдалану және жүк жұмысы қызметі;
- жылжымалы құрам қызметі;
- жол қызметі;
- сигнализация, байланыс және энергия шаруашылығы қызметі;
- қауіпсіздік және ЕҚ бөлімі;
- шаруашылық қызмет.

Жүк тиелген пойыздарды және жүк түсірілгеннен кейін бос вагондарды қабылдау, жөнелту жөніндегі операцияларды, пойыздар мен құрамдарды қалыптастыру және тарату жөніндегі маневрлік жұмыстарды уақытылы жүргізу, сондай-ақ өндірістерді, цехтар мен комбинат учаскелерін теміржол тасымалдарымен уақытылы қамтамасыз ету үшін пайдалану қызметінің құрамына 13 теміржол станциясы кіреді.

ҚЖТКБ пайдалану паркін ТЭМ-2, ТЭМ-7, ТГМ-6 сериялы тепловоздар құрайды, олардың саны 27 бірлік.

ҚЖТКБ вагон паркі үсті ашық вагондардан, платформалардан, мөлшерлегіштерден, думпкалардан, цистерналардан және арнайы жылжымалы құрамнан тұрады.

Кірме жолдың кеңейтілген ұзындығы 361 км құрайды. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында жүк айналымы 121 297 092,22 тонна км. құрады, 7 374 149 тонна көмір тасымалданды, вагон айналымы 111 450 вагонды құрады.

2. Инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы

«Qarmet» АҚ Қарағанды жүк тиеу - көлік басқармасы бойынша 2026 жылы инвестициялық бағдарламалардың орындалуы бекітілмеген.

3. Бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну қызметі бойынша тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп.

р/б №	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	2026 жылғы бірінші жартыжылдықта тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқуы, %	Ауытқу себебі
1	2	3	4	4	6	7
1	Тауарлар өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындар, барлығы	мың теңге	337 552,0	815 450,0	141,6	
	оның ішінде:					
1	Материалдық шығындар, барлығы	- // -	87 607,0	52 901,0	-39,6	
	оның ішінде:					
1.1	материалдар	- // -	58 024,0	32 610,0	-43,8	2026 жылғы 6 айдағы нақты көлем
1.2	отын	,	6 269,0	3 237,0	-48,4	
1.3	электр энергиясы	- // -	16 092,0	6 802,0	-57,7	
1.4	ЖОКМ	- // -	7 222,0	10 252,0	42,0	ЖОКМ құнының өсуі
2	Елбекақы төлеуге шығындар, барлығы	- // -	227 460,0	617 946,0	171,7	

	оның ішінде:					
2.1	еңбекақы	- // -	208 178,0	537 344,0	158,1	тарифтік мөлшемелер мен жалақыларды индексстеу
2.2	әлеуметтік салық	- // -	9 133,0	56 421,0	517,8	еңбекақы төлеу қорының ұлғаюы
2.3	міндетті сақтандыру	- // -	7 104,0	13 434,0	89,1	еңбекақы төлеу қорының ұлғаюы
2.4	медициналық сақтандыру	- // -	3 045,0	10 747,0	252,9	еңбекақы төлеу қорының ұлғаюы
3	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы	- // -	1 625,0	250,0	-84,6	2026 жылғы 6 айдағы нақты көлем
4	Жөндеу, барлығы	мың тенге	0,0	0,0		
	оның ішінде:					
4.1	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы жөндеу	- // -	0,0	0,0		
5	Өзге де шығындар, барлығы	- // -	20 860,0	144 353,0	592,0	
	оның ішінде:					
5.1	ӨТББ қызметтері	- // -	5 261,0	0,0	-100,0	
5.2	Углесервис қызметтері	- // -	2 489,0	0,0	-100,0	
5.3	кадрлар даярлау	- // -	81,0	656,0	709,9	оқытылатын қызметкерлер санын көбейту
5.4	басқа да шығындар (ашып көрсету қажет):	- // -	13 029,0	143 697,0	1002,9	
5.4.1	- шаруашылық қажеттілікке сатып алынатын су	- // -	275,0	215,0	-21,8	2026 жылғы 6 айдағы нақты көлем
5.4.2	- ҚТ және ӨС бойынша шығындар	- // -	4 084,0	9 202,0	125,3	арнайы киім сатып алу бағасын көтеру
5.4.3	- кері талаптар	- // -	1 576,0	5 922,0	275,8	регрестік талаптар бойынша төлемдерді ұлғайту
5.4.6	- автокөлік қызметтері	- // -	7 094,0	128 358,0	1709,4	автокөлік тасымалдарына арналған қызметтер құнының өсуі
5.4.7	- ӨТББ ұйымдастыру техникасына техникалық қызмет көрсету	- // -	0,0	0,0		
5.4.8	- автокөлікті сақтандыру	- // -	0,0	0,0		
II	Кезең шығыстары, барлығы	- // -	61 092,0	157 328,0	157,5	
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы	- // -	61 092,0	157 328,0	157,5	
	оның ішінде:					
6.1	ӨБП еңбекақасы	- // -	29 540,0	74 178,0	151,1	тарифтік мөлшемелер мен жалақыларды индексстеу
6.2	әлеуметтік салық	- // -	1 329,0	7 789,0	486,1	еңбекақы төлеу қорының ұлғаюы
6.3	міндетті сақтандыру	- // -	1 034,0	1 854,0	79,3	еңбекақы төлеу қорының ұлғаюы
6.4	медициналық сақтандыру	- // -	443,0	1 484,0	235,0	еңбекақы төлеу қорының ұлғаюы
6.5	қоршаған ортаны қорғау	- // -	2 594,0	5 621,0	116,7	экологиялық іс-шараларға арналған шығындарды және салық мөлшерлемелерін ұлғайту
6.6	салықтар	- // -	12 712,0	10 292,0	-19,0	2026 жылғы 6 айдағы нақты көлем

6.7	кеңсе	- // -	82,0	72,0	-12,2	2026 жылғы 6 айдағы нақты көлем
6.8	бөге ұйымдардың қызметтері, барлығы	- // -	13 358,0	56 038,0	319,5	
6.8.1	- аудиторлық, консалтингтік, ақпараттық	- // -	0,0	0,0		
6.8.2	- банк қызметтері	- // -	32,0	13,0	-59,4	
6.8.3	- дезинфекция	- // -	0,0	0,0		
6.8.4	- объектілерді қорғау	- // -	13 306,0	55 950,0	320,5	қызметтердің құнын көтеру
6.8.5	- байланыс қызметтері	- // -	20,0	75,0	275,0	қызметтердің құнын көтеру
III	Барлық шығындар	- // -	398 644,0	972 778,0	144,0	
IV	Пайда	- // -	0,0	-823 513,7		
V	Барлық кірістер	- // -	398 644,0	149 264,3	-62,6	
VI	Көрсетілген қызметтердің көлемі	мың вагон км	4 826,2	1 808,0	-62,5	2026 жылғы 6 айдағы нақты көлем
		мың теңге	398 644,0	149 264,3	-62,6	2026 жылғы 6 айдағы нақты көлем
VII	Тариф (ҚҚС-сыз теңге)	теңге вагон км	82,6	82,6	-0,1	
10	Анықтамалық түрде:					
10.1	Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, барлығы	адам	603	764		
10.1.1	өндірістік персонал	адам	570	732		
10.1.2	әкімшілік персонал	адам	33	32		
10.2	Орташа айлық жалақы, барлығы	теңге				
10.2.1	өндірістік персонал	теңге	30 435	61 173		
10.2.2	әкімшілік персонал	теңге	74 596	193 171		

4. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы

Табиғи монополия субъектілерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларының 13.08.2019 жылғы № 73 323-тармағына сәйкес, тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып бекітілген табиғи монополия субъектілері үшін табиғи монополия субъектілерінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібі белгіленеді. ҚЖТКБ үшін тариф тарифтік реттеудің шығынды әдісімен бекітілді.

Осыған байланысты кәсіпорынға сапа көрсеткіштері бекітілмеген.

5. Кәсіпорын қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы

Табиғи монополия субъектілерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларының 13.08.2019 жылғы № 73 323-тармағына сәйкес, тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып бекітілген табиғи монополия субъектілері үшін табиғи монополия субъектілерінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту тәртібі белгіленеді. ҚЖТКБ үшін тариф тарифтік реттеудің шығынды әдісімен бекітілді. Осыған байланысты, ҚЖТКБ бойынша өнімділік көрсеткіштері бекітілген жоқ.

6. 2026 жылғы бірінші жартыжылдықтағы ҚЖТКБ қаржы-экономикалық қызметінің негізгі көрсеткіштері:

2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтен түскен табыс 149 264 298 теңгені құрады.

Тарифтік сметада қалыптасқан шығындар 972 778 000 теңгені құрады.

Тарифтік сметада қалыптасқан 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша шығын 823 513 702 теңгені құрады.

2026 жылғы 1-жартыжылдық ішінде жолдарды ағымдағы күтіп ұстауға арналған жұмыстарды жүргізу нәтижесінде материалдар бабы бойынша шығындар 32 610 000 теңгені құрады. 3 715 дана шпал, 329 дана білеу және басқа да металл материалдар төселді.

Кәсіпорынның шығындылығының негізгі себебі:

- көлемнің азаюы, атап айтқанда шахталар мен контрагенттер бойынша тасымалдардың азаюы,

- рентабельді емес реттелетін тариф.

30.06.2026 жылғы жағдай бойынша кредиторлық берешек 523 794 380,26 теңгені құрайды, оның төлемдерін «Qarmet» АҚ көтереді.

30.06.2026 жылға арналған дебиторлық берешек 951 803 421,12 теңгені құрайды, дебиторлардың берешегінің себебі-шоттарды уақтылы төлемеу.

7. Ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы

«Qarmet» АҚ Қарағанды жүк тиеу-көлік басқармасы бойынша 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша реттелетін қызмет бойынша нақты көлем 1 808 000,50 ваг/км құрады.

Тарифтік сметада бекітілген көлем 4 826 200 ваг/км құрайды.

2026 жылдың 1 жартыжылдығында тасымалдау көлемінің төмендеуі кірме жолдардағы тасымалдау көлемінің төмендеуімен байланысты.

8. Тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы

«Qarmet» АҚ Қарағанды жүк тиеу-көлік басқармасы 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметіне 63 контрагентпен үлгілік шарттар жасасты, сондай-ақ «Karaganda Komir» ЖШС 8 шахтасын өңдейді.

ҚЖТКБ реттеліп көрсетілетін қызметті 22.11.2006 жылғы № 48 бұйрыққа сәйкес ұсынады, онда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметінің тарифі ҚҚС-сыз бір ваг/км үшін 82,6 теңге мөлшерінде бекітілген.

6.11.2025 жылы ҚЖТКБ үшін жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну қызметіне тарифті көтермей тарифтік сметаны өзгерту туралы №108-НҚ бұйрық бекітілді. ҚЖТКБ барлық тұтынушыларына реттелетін қызметке қол жеткізудің тең шарттарын ұсынады.

9. Кәсіпорын қызметінің перспективалары туралы

«Qarmet» АҚ компаниясы орындалатын жұмыстардың және қызмет көрсетудің сапасын үнемі жақсартуға жұмыс істейді. Барлық қызметкерлер үшін қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайлары жасалуда. Теміржол желісінің инфрақұрылымы дамуда. Негізгі көлік дәліздерінің өткізу қабілетін ұлғайтуға бағытталған жобалар іске асырылуда, бұл өнеркәсіп өндірісін өсіру және экспорттық жеткізілімдерді кеңейту үшін қосымша мүмкіндіктер туғызады. «Qarmet» АҚ тасымалдау процесін одан әрі цифрландыру бағытын және жөнелту жоспарларын келісудің ашық тетіктерін қолдайды. Аталған жаңалықтар көлік логистикасының тиімділігін арттыруға, жеткізілімдердің тұрақтылығын нығайтуға және өнеркәсіптік кешеннің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.